

2021-2022 оқу жылында 5 «Ә» сынып оқушыларымен атқарылған тәрбие жұмысының есебі

Тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады. 1 қыркүйекте сыныбымда «Тәуелсіздік жетістіктері!» атты сынып сағатымен оқу жылын бастадық. Сыныпта барлығы 4 оқушы бар. Оның ішінде ұлдар - 4 және бір қыз бала. Сыныптың ата-аналарымен танысып, барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен таныстым. Жыл басында 2021- 2022 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары бағдарламаға сай жасалды. Жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс шаралар ұйымдастырылды..

Жыл басынан яғни қыркүйектен бастап 7 «Ә» сыныбының сабақтарына қатысып, сынып оқушыларының тәртібін, сабаққа деген ынталарын, үй тапсырмаларын қаншалықты орындайтындықтарын бақыладым. Бақылау кезінде оқушылардың оқу барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап, оларға ескертулер айтып отырдым. Әр аптаның бесінші күндері күнделіктерін тексеріп, ескертулер беріп отырдым. Әсіресе күнделікті уақытында толтырып, пәндерден алған бағаларын сол бойда қойдыруларына үлкен мән бердім. Жыл басынан әр аптаның бейсенбі күндері жоспар бойынша сынып сағаттарын өткіздім.

Қарттар күніне орай ауылдың қарттарының үйлеріне барып, аулаларын тазалап бердік. Мектепшілік олимпиадаға оқушылар белсене қатысып, жүлделі орындарға иеленді. Сынып оқушылары интеллектуалды марафонға да белсене қатысты.

Жыл қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі 50 пайызбен оқу жылын тәмәмді. Оқушылар жыл бойы мектептің қоғамдық іс шараларына белсене қатысты.

Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туыскандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар қауіпсіздік ережелері мен талаптарды есте сақтау керектігін айта отырып, балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер; маңызды ережелерді түсіндіріңіздер; оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешу қажет екендігін ескерте отыра ата-аналарды қауіпсіздік ережесімен таныстырдым

Сынып жетекші: *Есаф* Есалина Г.Т